

2.2. *Адамгершілік-рухани тәрбие*

Кафедраның тәрбие жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылында атқарылатын жұмыстарды, іс-шараларды қосып, бекітілген. Жоспарға сәйкес эдвайзерлер жетекшілігінде әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Барлық топ эдвайзерлері топ студенттерімен парасаттылық, діни көз қарастың қалыптасуына ықпал жасау мақсатында және басқа дін жолында адаспау үшін тәрбие сағаттарын өткізіп, студенттер баяндамалар оқыды. Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. **«Қарттарым - асыл қазынам»** атты тақырыпта топ тәлімгері **Умиров Бауыржан ЖБЛ-112 тобымен** тәрбие сағаты өтілді.

Тәрбие сағатында «Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас - көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше. Олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып, оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді» деген терең ойлы мақыл сөздер айтылды.

«Адамгершілік – асыл қасиет» атты тақырыпта топ тәлімгері **Ибрагимова Элмира ЖБТ-911 тобымен** тәрбие сағаты өтілді.

Тәрбие сағатында Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады – деген мағыналы ой пікірлер айтылды.

«Ұстаздар мерекесі» тақырыбында топ тәлімгері **Қ.Абдраимова** тәрбие сағатын **ЖБЛ-012 тобының** студенттерімен өтті. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Тәрбие сағаты барысында «Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім — тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт — бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.



“Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” — деген Бауыржан Момышұлы. Тәрбие сағатында білімгерлерге ой санасына жеткізетін нақыл сөздер айтылды

Сонымен қатар Байтурсинов Қ.Қ ЖБЛ-113 тобы студенттерімен аралық қорытынды бағаларды саралау және сессия алды дайындық студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізді.



Студенттерге жазбаша емтихан жұмыстарына қажетті заттарды өзімен ала келуі және тыйым салынған заттарды қолданбау керектігі жайындағы мәліметтер айтылды.

Кафедраның топ әдвайзерлері тарапынан студенттердің сабаққа қатысуы қадағаланып, сессия соңында топ студенттерімен емтихан қорытындыларын талқыланады.

Турметова Гулмира Жүсіпқызы кафедра кестесіне сәйкес ЖХБ-111, ЖБЛ-111, ЖБЛ-112 топтарымен №1 қыздар жатақханасында **«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»** атты ашық тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағатының: әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру; қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, отансүйгіштікке тәрбиелеу; қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы тұрғандығын ұғындыру; білікті, білімді, жан – жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеу. Ашық тәрбие сағатында **«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»** тақыбындағы презентация, суреттер көрмесі, үлестірмелі жабыстырма қағаз, бейне материалдар, интерактивті тақта, нақыл сөздер, мақал – мәтелдерді және т.б. көрнекілік құралдар пайдаланылды.



Сержанова Айкерім Ерғалиқызы эдвайзерлік топ ЖБЛ-011 және №3 жатақхана студенттерімен «**Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі**» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті. Тәрбие сағаттың мақсаты : қыз баланы ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға, мектепте өзін – өзі ұстауға, қыздардың мінез тұрақтылығын қалыптастыра отырып инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу болып табылады.



Ой толғау.

- 1)Жанұядағы қыз бен ұл баланың тәрбиесі қандай болуы керек?
- 2)Қыздың барған жеріне сіңуі анасына байланысты ма?

Видео ролик

- 1)<https://youtu.be/7kSAPA2sU4k>
- 2)<https://youtu.be/g9gguUUXo1A>

Ойланайық-пікірлесейік:

- 1) Ата бабамыздың тәрбиесі мен қазіргі тәрбиенің айырмашылығы бар ма? Бар болса неде?
- 2) Қыз баланың тәрбиесіндегі ананың рөлі қандай?
- 3) Қазақ қызына тән қасиеттер қандай болуы керек?
- 4) Жанұядағы қыз бен ұл баланың тәрбиесі қандай болуы керек?



Тәрбие сағат «ой толғау», «ойланайық-пікірлесейік», «жағдайаттық тапсырмалар», «мақалды жалғастыр», «көркемсөз оқу» бөлімдерімен өтілді. Тәрбие сағат соңын қорытындылау сөздері топ эдвайзері Сержанова Айкерім Ерғалиқызына және биология кафедрасы аға кураторы Кәрімжан Төлеу Мұратұлына берілді.



Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. Халқымызда қыз деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан - жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады. Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі - күн, жердегі көзі - адамзат. Адамдардың бір - біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей, болашақ түзелмейді. Бала жастан жақсы тәрбие алған, үлгі өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу - бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселесі.

Абишева Гулжан Орынбасарқызы және эдвайзерлік топшалар ЖБИ-221, ЖБИ-222 студенттерімен Түркістан қаласындағы арнаулы балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталығында қайырымдылық акциясын өткізді.

Қайырымдылық акциясының мәні ерекше мұқтаж балаларға көмек көрсету болып табылады. Студенттер мүгедек балаларға қажет сыйлықтарды сатып алуды шешті. Балаларға зейін мен ақыл-ой қабілеттерін дамытатын ойыншықтар сыйға тартылды. Орталық психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін, ақыл-ой және дене кемістігі бар балаларға қысқаша концерттік бағдарлама қойып әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Орталық қызметкерлері акцияға қосылғандардың барлығына көңіл бөлгені және қолдағаны үшін ризашылықтарын білдірді.



Сіз жасыңызға, материалдық байлығыңызға және физикалық қабілеттеріңізге қарамастан қайырымдылық жасай аласыз. Студенттер қайырымдылықтың мәнін, оның не үшін қажет екенін түсінді және жыл сайын осы игі істі жалғастыруға ынталы болды.

Абишева Гулжан Орынбасарқызы және эдвайзерлік топ ЖБИ-121 студенттері **«Қасиетті Рамазан айының құрметіне еріктілер қызметін өткізу»** акциясын ұйымдастырды. Қасиетті Рамазан айы 23 наурызда басталып, 20 сәуірге дейін жалғасты. Біздің студенттер ораза ұстаған адамдарға ифтар (кешкі асына) үшін су мен құрма беруді шешті. Көптеген адамдар жолда, рульде болуы мүмкін

және ифтарға үлгермеуі мүмкін, сондықтан бұл әрекет дінде игі іс болып саналады. Студенттер бұл акцияны университет аймағында өткізді, өтіп бара жатқан адамдар мен жүргізушілер еріктілерге ерекше ризашылықтарын білдірді.





Сіз жасыңызға, материалдық байлығыңызға және физикалық қабілеттеріңізге қарамастан қайырымдылық жасай аласыз. Студенттер қайырымдылықтың мәнін, оның не үшін қажет екенін түсінді және жыл сайын осы игі істі жалғастыруға ынталы болды.

2.3. Салауатты өмір салты

Сонымен қатар **Әзімбай Абылайхан 6В015-Биология мұғалімдерін даярлау мамандығы ЖБИ-112 тобына** «Кибербуллинг-және оның алдын алу» атты тақырыпта ашық тәрбие өтілді. Кибер-буллинг дегеніміз бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту. Ол әлеуметтік медида, хабарлама алмасу бағдарламаларында ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін.

Кибербуллинг- әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және лездік хабарламалар қосымшалары арқылы интернеттегі психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі, қорқыту, қорлау.



XXI ғасырдың дертіне айналған, бүгінгі таңның өзекті мәселесі «Кибербуллинг» адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес.



Тәрбие сабаққа қорытынды жасау үшін әр топтан бір студентке сөз кезегін беріп бүгінгі сабақтан не түйгендерін және артынан ерген қазіргі жастарға не кеңес беретінін өз ойларын еркін жеткізе білді.

Саржанова Ш.М және эдвайзерлік топ ЖБИ-011Ф білімгерлерімен **«Қашықтықтан оқыту - прогресс пе, регресс пе?»** тақырыбында пікірсайыс өтті. Дебат өтудегі мақсат – білімгерлерді белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге

және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу; өз көзқарасын айтуға машықтандыру, «Қашықтықтан оқыту – прогресс пе, регресс пе?» тақырыбында ой қозғату. Дебатта – Қашықтықтан оқытуды «жақтаушылар» және «даттаушылар» топтары өз ойларымен бөлісті.

Дебат 4 кезенді қамтыды,

- 1.«Ой-талқы»;
- 2.Постер қорғау;
3. Сұрақ-жауап;
4. Бейнеролик.

Дебатта көрермендер мен оқытушылардың көзқарасын білу мақсатында Google Forms сайтында онлайн сауалнама алынды. Сауалнама QR-code арқылы таратылып, сауалнамаға білімгерлер белсенді қатысты.



Кафедра кестесіне сәйкес Абдраимова Қ.Т тәлімгерлік ЖБИ-012 тобымен **«Есіртксіз болашақ!»** атты тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Ең алдымен студенттермен амандасу, жаңа аптаны жаңа күнді жақсы көңіл-күймен бастау бастау үшін жылы лебіздер айту. Тренинг. «Мен өзіме сенемін». Тренинг жақсы көңіл-күймен жылы орта қалыптастырды. Тақырып денсаулық саласына байланысты болғандықтан, салауатты өмір салтын ұстану жолдарынан басталды.

Тәрбие сағатқа топ әдвайзері Абдраимова Құралай Тастанбекқызы және оқытушы Балтабай Е.аға куратор Кәрімжан Төлеу Мұратұлы қатысып, өз ойларын айтты. Тәрбие сағатын өтудегі мақсат – студенттерге денсаулық білімі саласынан мағлұмат беру, өз өмірлерін бағалау және зиянды әдеттерден сақ болу, зиянды заттардың кесірінен өмірлеріне туып туған қауіп қатерді ұғындыру. Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек

өмірлеріне келтірер кесепаты туралы түсінік беру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту. Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Нашақорлықтың алдын алу. Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру.

Тәрбие сағатта топ білімгерлері сахна көрінісі мен басталды және есірткінің түрлеріне шолу жасалынды. Сахна көрінісі есірткіге тәуелді болған бала мен ананың зары көрсетіледі және баланы артқа қайтаруға еш мүмкіндігі жоқ болғанына ыза-ренжіші баяндалады. Сахна көрінісінде жоғарыдағы рольдерді білімгерлер өз деңгейінде орындау арқылы, актерлік шеберліктерін көрсете алды. Сахна өте әсерлі де мазмұнды болды.



Есірткінің адам ағзасына тигізер орасан зор зияны мен алдын алу жолдары атап көрсетілді. Есірткілікке ұшырамас үшін қандай шаралар жасалу керек, қоғам мен отбасыда болып отырған қателіктер атап айтылды. Білімгерлерге пайдалы ақпарат болсын деген ниетпен есірткі сияқты ғасыр дертінен аулақ жүру үшін уақытты үнемді пайдалану және салауатты өмір салтын ұстанудың маңызды екені түсіндірілді. Топ студенттеріне жағдаяттық сұрақтар беріліп, адамзат денсаулығының баға жетпес байлық екені және бағалау керектігі, осы тұрғыдан түрлі ситуациялық сұрақтар қойылды. Жағдаяттық сұрақтардың көмегімен студенттердің сыни ой пікірін, жағдаяттық мәселені шешу, мәселені анализдеу, синтездеу дағдылары қалыптасты. Есірткінің адам ағзасына, атап айтсақ, әр бір ағзасына тигізер зиянын білімгерлер макет арқылы көрсетіп, маман ретінде терең ізденгендерін көрсете алды.

Сабаққа тұздық ретінде тақырыпқа байланысты видеоролик көрсетілді. Білімгерлерден видеороликтен түйгендері мен видеороликтегі қалыптасқан мәселені шешу үшін ой-пікірлері тыңдалды. Білімгерлер өте белсенді және еркін түрде өз ойлары мен пікірлерін жеткізді. Түрлі жағдаяттық сұрақтарға

қанағаттанатындай дәрежеде жауап бергендері көрген көзді қуантты. Сондай-ақ, білімгерлер жаңа мағлұматтарға ие болды. Сабақты білімгерлер бір-бірлеріне жарқын болашақ пен жақсы ниет айту арқылы тәмәмдады. Жалпы, ашық тәрбие сағат мақсатына толығымен жетті, себебі, білімгерлер жан-жақты ізденіп, тақырыпты толықтай ұғынды.

2.4. Эстетикалық тәрбие

Әрбір тәлімгер топ студенттерімен қоғамдық ортада өзін қалай ұстауы керектігі, киім киюі туралы әр тәрбие сағатында айтылып отырды. Факультет тарапынан өткізілген іс шараларға студенттер қатысып отырды.

2022-2023 оқу жылының бірінші жартысында 6B05146-Биология мамандығының **4-курс студенттерімен топ эдвайзері Тойжигитова Б.Б. «Анасы бар адамдар...»** тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

Тәрбие сағатта «Ару — өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді деген екен бір ғұлама. Қандай нақты айтылған ой десеңізші! Расында бар әйел қауымынсыз мына әлемді елестету мүмкін емес! Иә, Құдайдан кейін күдірет иесі – ана. Мына жарық дүниеге әкелген Ана алдында бәріміздің де бас иетініміз сондықтан десек, бүгінде ұрпақ өсірумен қатар, ел еңсесін көтеріле түсуіне өз үлесін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандайда болмасын құрметке лайық. Бүгінде қоғам өмірінің әйелдер араласпайтын саласы жоқ десе болады. Бірі ғалым, бірі саясаткер, енді біреулері дәрігер, кәсіпкер тізе берсең жалғаса береді. Солардың бірі аяулы ұстаздар. Аналар өмірдің барлық саласын меңгергеніне шүбә жоқ бас иеміз» - деген нақыл сөздер айтылып, ананы әрдайым құрметтеу керектігі айтылды.

Биология мамандығының студенттерінің ұйымдастырылуымен «Түркістан қаласының мүмкіндігі шектеулі балалардың оңалту орталығында» концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, соңынан сол орталыққа сыйлықтар табыс етілді. Концертте бірнеше факультет студенттерді өнерін көрсетіп, балалардың көңіліне қуаныш пен шуақ орнатқан үшін, сол студенттерге алғысымыз шексіз.

Салыбекова Нұрдана Нұртайқызы №1 қыздар жатақханасында **«Жақсы өмір сүру үшін...»** атты тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті. Тәрбие сағатын өтудегі мақсаты-студенттерге ешқашан жаман әдетке салынбай, әрдайым өзін дамыту, ізденіс үстінде болу. Алдына қандай да бір мақсат қоя білу, армандау сол арман-мақсатына жете білу. Әрдайым жақсы сөздер сөйлеу, жақсы ойда болу керектігін жеткізу.



Балтабай Ербол Нұрсұлтанұлы және эдвайзерлік топ ЖБЛ-113 студенттерімен «Салауатты өмір салты» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Бұл сабақтың мақсаты- жас ұрпаққа салауатты көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде студенттер бір –біріне жүрек тәрізді шарды өткізіп, бір-біріне жылу тілектерді айтты. Студенттер денсаулықтың достары мен жауларын айтып, жаман әдеттерден бас тарту жолдары туралы баяндады. Салауатты өмір салтының негізгі бағыттары бойынша әңгімелесу әдісі арқылы сұрақ-жауап өткізілді. Бүгінгі студенттер - бұл ертеңгі күннің мұғалімдері болғаны үшін олардың оқушылармен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспарланды. Студенттерге жағдаятты талдау сұрақтар таратылып, топтық жұмыс жүргізілді. «Сергіту сәті» ұйымдастырылып, қозғалыстың рөлі түсінтірілді. Сабақтың соңында тренинг жүргізілді.



«Жүректен жүрекке»ұйымдастыру кезеңі

2.5. Экологиялық тәрбие

Топтарда жоспарға сәйкес тәлімгерлер қоршаған ортаны қорғау, айналаны лақтамау туралы лекциялар, тәрбие сағаттарын өткізіп отырды.

Пандемия кезінде Төтенше жағдайға байланысты барлық сенбіліктер кейінге қалдырылды, бірақ барлық топ мүшелеріне, білімгерлерге экологияны лақтамаудың жолдары, ауаны лақтамау жұмыстары жүргізілді. Талдарды әктеудің маңыздылығы айтылды.

Тойжигитова Б.Б және ЖБЛ-111 тобымен **«Табиғат тағдыры – адам тағдыры»** атты тақырыбында ашық тәрбие сабағы өтілді. Тәрбиелік іс шараны өткізбестен бұрын «Табиғатты сақтайық» «Сенбілік - тазалық кепілі» ұрандарымен ЖБЛ-111 тобының студенттерімен университет аумағында сенбілік ұйымдастырылды. Сенбіліктің басты мақсаты - университет көркіне көрік қосу, тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсарту болды. Оқу ордамызды қоқыстан тазартып, көрікті жерге айналдыру мақсатында тазалық жұмыстарын жүргізілді. Мұндай шаралар жалғасын тапса деген ниеттеміз. Сенбілікке қатысқан барлық белсенділерге алғысымызды білдірілді.

Тәрбие сағатын өтудегі мақсат – тәрбие сағатына қатысушы әрбір жанның қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсінігін кеңейту, табиғатты сүюді, қорғауды, табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауды үйрету және экологиялық тәрбие беру, соны насихаттау болып табылды.

Тәрбие сағатта топ студенттеріне қазіргі таңда еліміздегі, әлемдегі экологиялық мәселер талқыланды. Топ студенттеріне жағдаяттық сұрақтар беріліп қарапайым мәселе көрінгенімен табиғатқа, адамзатқа зиянды салдары бар мәселелі сұрақтардың шешімін табуға тырысты. Жағдаяттық сұрақтардың көмегімен студенттердің сыни ой пікірін, жағдаяттық мәселені шешу, мәселені анализдеу, синтездеу дағдылары қалыптасты.



Тәрбие сағаты барысында топ студенттері екі топшаларға бөлініп қазіргі таңдағы елімізде және шет елдердегі экожобалар жайлы білімдері, ізденістері жайлы постер қорғады жіне сонымен қатар елімізде жоқ немес қолға алынбаған, әлі де қажетті экожобаларды ұсыныс ретінде алға тартты.

2.6. Ұлттық-рухани және патриоттық тәрбие.

Әзімбай Абылайхан ЖБЛ-211 тобы жатаханадағы студенттермен **«Зиянды іс әрекеттер олармен күресу жолдары»** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Студенттер арасында орын алатын келеңсіз жағдайлар, жатақхана тәртібі және т.б мәселелер қоса талқыланды.



Тәрбие сағатында қарастырлған мәселелерді ескере отырып, салауатты өмір салтын қарастырамыз. Студенттер темекі, нашаның адам ағзасы үшін қауіпті екенін түінді. Денсаулығымызды күтуіміз керек екендігі түсіндірілді. Бұл

жайында студенттерге кеңінен мәләмет беріліп тақырып толыққанды ашылды деп есептелінді.

Қалиева Нурзия Абдешовна ЖБЛ-012 тобының білімгерлерімен «Отанды сүю ең ұлы сезім» тақырыбында тәрбие сағат өтті. Тәрбие сағат өтудегі мақсаты – олардағы патриоттық сезімді ояту, жас ұрпақты отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту. Тәрбие сағат 4 кезенді қамтыды, (1.«Бейнеролик»; 2.Ән айту; 3.Өзге ұлттар өз дәстүрлерін айту; 4. Қорытынды). Тәрбие сағатта көрермендер мен оқытушыларға қорытынды сұрақтар берілді.



1.7. Құқықтық тәрбие

Кафедра кестесіне сәйкес ЖБИ-011 тобы және топ эдвайзері Абдраймова Құралай Тастанбекқызы «Құқықтық тәрбие - құқықтық жігер» атты тақырыбында ашық тәрбие сабағы өткізілді. Ең алдымен студенттермен амандасу, жаңа аптаны жақсы бастау үшін студенттерге жылы лебіздер айту тренингі «Сөз беремін» өткізілді. Тақырыбымыз құқыққа байланысты болғандықтан, біз осы сабақтан бастап өз құқығымызды біліп, студенттер құқығымызды сабақтауға сөз берейік деп жүргізілді.

Тәрбие сабағына б.ғ.к доцент м.а Сейтметова А.М, PhD Тойжигитова Б.Б, аға оқытушы Абишева Г.О, оқытушы Балтабай Е.Н. және аға куратор Кәрімжан Т.М. қатысып, өз ойларын айтты. Тәрбие сабағын өтудегі мақсаты – а) Студенттерге заң білімі саласынан мағлұмат беру, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету; ә) Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру; б) Еліміздің Ата заңын және басқа заңдарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие сабағында топ студенттеріне Қазақстан Республикасы Конституциясының баптары, бала құқығы конвенциясының баптары, қанатты сөздер талқыланды. Топ студенттеріне жағдаяттық сұрақтар беріліп, адамзат құқығының зиянды салдары бар мәселелі сұрақтардың шешімін табуға тырысты. Жағдаяттық сұрақтардың көмегімен студенттердің сыни ой пікірін, жағдаяттық мәселені шешу, мәселені анализдеу, синтездеу дағдылары қалыптасты.



Тәрбие сабақ барысында топ студенттері дөңгелек үстелге отырып қазіргі таңдағы елімізде кездесіп жатқан актуалды тақырыптарға студенттер өз ойларын жеткізе білді, студенттердің міндеттерімен құқықтары жайлы білімдері, ізденістері жайлы постер қорғады және сонымен қатар елімізде жоқ немес қолға алынбаған адам құқығы және бостандығы туралы ұсыныстарын білдірді. Тәрбие сабақ барысында «15 пайыз» атты көрінісін студенттермен өз

құқығымызды біліп жүру мақсатында және тәрбиелік мәні бар көрініс ретінде ұйымдастырылды.



Білім алушыларға заң білімі саласынан мағлұмат беру, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру. Еліміздің Ата заңын және басқа заңдарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.